

02.08.2021ж.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметінің 2021 жылғы I-жартыжылдығындағы инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-не (бұдан әрі- Компания) тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне 2021 жылға инвестициялық бағдарлама 14862,0 мың теңге көлемінде бекітілген (жылдық көрсеткіштер, тоқсанға инвест. бағдарлама бекітілмеген), оның ішінде 1122,2 мың теңге, бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен қарастырылған, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 13739,8 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің өзге қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

Объект орналасқан жері: Шымкент қаласы, Қапал Батыр көшесі, «Өндірістік» аумағы, 116/2, «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 700м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2021 жылғы I-жартыжылдығында нақты орындалған инвестициялық іс-шаралар 8523,956 мың теңгені құрады, оның ішінде 833,31 мың теңге, тарифтік сметада қарастырылған амортизация есебінен жасалынды, 7690,646 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты есебінен жасалды. Жоғарыда көрсетілген қаржыға ұзындығы 130м жоғары қысымды газ құбырлары қайта жаңартылды, ГРПШ 16-1ВУ1 регуляторымен РДГ 150В және СТГ 1000 газдың турбиналық есептегіші алынып, орнатылды.

**«Ордабасы индустриалдық аймақ»
ЖШС-нің директоры**

Бас еспші



Бертаев Р.Т.

Саидикаримов Г.А.